

Егемен елімнің тарихы

**Тәуелсіздік – бабалар аңсауы,
ұрпақтың қолы жеткен киелі ке-
зең. Тәуелсіздік – таңбасы таста,
қаны қара жердің тамырында
жатқан күдіретті сөз.**

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Алдымызда асу-асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, жас ұрпақ!» - деп айтқандай, біздер, жас ұрпақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді, аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек.

Бүгінгі партада отырған оқушы – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу. «Егемен елімнің тарихы» атты танымдық кешімізді өткізген мақсатымыз, Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске алып, соның ішінде Қайрат Рысқұлбековтың өмірі, ерлігі жайында түсіндіріп, оқушыларға желтоқсан оқиғасы туралы мағлұмат беру. Желтоқсан оқиғасында ел қамын ойлаған ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа, Отанды сүйуге тәрбиелеу, тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегені жайында жас ұрпаққа айтып жеткізу болды.

Бүгінде көк байрағымыз көгімізде желбіріп айбынды әнұранымыз асқақтап елтаңбамыз төрімізде жарқырап тұруы осындай өмір үшін жаның пида еткен аға - апаларымызды ұмытпай әрқашан есте сақтау парызымыз. Қазақ елі қаймағы бұзылмаған, қонағын құдайындай сыйлайтын, ата-баба дәстүріне берік, үлкенді құрметтей білетін, қасиетті елде тұрып жатқанымызды мақтан тұтамыз.

Мерекелік шарада А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясының 4 «Ә» сынып оқушылары патриоттық әндер шырқап, би биледі. Сондай - ақ, мүмкіндігі шектеулі жандар да келіп, ән шырқап ойын - ойнап, тәуелсіздік туралы өз тілектерін айтып, іс-шарамызға белсене қатысты.

Қазақстанда баршаның бірдей тәуелсіз және тең құқықты екендігін әріптесім Сауле Ахметқызы іс-шара барысында айтып өтті.

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!» - деп өршіл ақын М. Жұмабаев болашаққа, жастарға үлкен сенім артты емес пе?..
Ақынның өлеңде келтірген көркем сөздеріне лайық болатынымызға сенеміз.

**Жұлдыз
ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ,
№ 2 ОӘФК балалар әдебиеті
бөлімінің қызметкері.**

Жұлдыз Қасымбекқызы. Егемен елімнің тарихы [Мәтін]/ Ж. Қасымбекқызы// Торғай. – 2019. – 11 қантар. – Б 7.

Кітап – білімнің қайнар бұлағы. Кітап арқылы келешек ұрпаққа бүгінгіміз тарих болып жазылып, ертеңге мұра болып қалары сөзсіз. «Өнер білім бәрі де оқуменен табылған» деп ұлы ағартушы Ғ.Алтынсарин айтқандай, кітап оқудың баланың тұлға болып қалыптасуға орасан зор көмегі тиетін пайдалы іс екендігін ешкім жоққа шығара қоймас. Өйткені, кітапты көп оқыған баланың ойлау қабілеті жақсы жетіліп, сөздік қоры ұлғаяды. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес.

Қаншама ғасырдан бері, атадан балаға мирас болып келе жатқан рухани құндылығымыз – кітаптың оқырманға жететін орны кітапхана екендігі ертеден белгілі. Жаңа жылдың алғашқы жұмыс күнінде, жылдың алғашқы оқырманын салтанатты түрде қабылдау біздің кітапханамызда дәстүрге айналған. Биылғы жылы алғашқы болып, қаламыздағы №4 жалпы білім беретін орта мектептің 4 «г» сынып оқушысы Бекнұр Уразмағамбетов жазылды. Бекнұрдың туған өлке тарихы мен математикаға қызығушылығы жоғары. Сонымен қатар спортқа да әуес. Болашақта еліміздің туын көкке желбіретер нағыз спортшы шықсын деген тілегіміз бар.

Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. «Өркеннеттің жалпы көрінісінде әрбір халықтың орны оның оқыған кітабының санымен анықталады» деген



екен Э.Лабуле. Сөз зергері Ғ.Мүсірепов: «Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» - дейді. Кітап туралы айта берсек, ұлыларымыздан қалған асыл сөздер жетерлік. Қорыта айтқанда, кітап – ақылына ақы сұрамайтын асыл досың. Білімнің көзін ашып, ең алғаш ғылым саласын танытытатын оқытып-үйрететін де кітап. Кітаптың біз білмейтін қыр - сыры көп. Оны тек кітаппен дос болған адам ғана құпиясын ашып, ғажабын танып біле алады.

Қымбатты оқырмандар! «Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге», - деп ұлы ақынымыз Абай жырлағандай ерінбей білім алуға асығайық. Бар білімнің қайнарын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық.

Сауле
АХМЕТҚЫЗЫ,
Арқалық қаласы №2
ОӘК «Балалар әдебиеті»
бөлімі кітапханашысы.

Заманымыздың ұлы суреткері

Қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық суретшісі, Қазақ ССР-нің өнеріне еңбегі сіңген қайраткер **ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВКЕ - 115 ЖЫЛ (1904-1973)**

XXI ғасырда, техниканың дамыған заманында жастар үшін іздесе таптырмайтын өнер тағылымы Әбілхан ағамыздың дүниелерінен тау самалындай есіп тұрады. Бұған Ә.Қастеевтің көрмеге ұсынған екі жүздей еңбектеріне берілген көрермендер пікірін айтса да жеткілікті. Бір Мәскеудің өзінде жиырма бес рет көрме ұйымдастырған екен. Оның ішінде үш рет Ә.Қастеев шығармашылық еңбегі дербес көрмеде орын алады. Ә.Қастеев шығармашылық еңбектері шетел халықтары мұражайларында да молынан дәріптелініп, әлем жұртшылығына оның есімі танымал болды. Қытай Халық Республикасында екі мәрте (1950, 1960); Ауғанстан және Цейлонда (1960), Чехословакияда (1958); Канада да (1957); Бельгия, Мексика, Швеция (1969); Арменияда (1962, 1968); Батыс Берлинде (1972); т.б. елдер халқы Әбілхан аға еңбегіне тәтті болған.

Әбілхан Қастеев республикамыздың қоғамдық және мәдени өміріне белсене араласқан. Ол Қазақстан Суретшілер Одағын құрушылардың бірі болған, және ұзақ жылдар бойы Қазақстанның Суретшілер одағын басқарған. Бейнелеу өнерін дамытуға қосқан зор еңбегі үшін «Октябрь революциясы» орденімен, екі рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен наградалған. 1944 жылы оған «Қазақ ССР халық суретшісі» атағы берілген. «Қазақстан жерінде» шығармалар сериясы үшін оған 1966 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілген.

Қазақ көркемсуретінің тұңғышы – Әбілхан Қастеев өнері – біздің рухани мәдениетіміздің сарқылмас бұлағы, өшпес әуені, мәңгі өнегесі!

Ұлы суреткердің Тоғай еліне, Торғай жеріне келіп, Батыр бабамыздың туған жеріне, жүріп өткен іздерін зерттеп – зерделеп,



тарихта қалатын Батыр портретін көз көргендер айтуымен бейнелеп шығаруы ұмытылмас еңбек, тарихи оқиға! Сол Аманкелді портреті қаламыздағы Тарихи өлкетану мұражайында көрмеде тұр. Аманкелді Батыр бейнесін жасаудағы Әбілхан Қастеевтің ізденісі талай жас өнерпаздарға үлгі боларлық еңбек. Аманкелді бейнесін 1939 жылы бастап, көп ізденістен кейін 1944 жылы аяқтағанда, Батыр бейнесінің бағасын халқы берген екен. Ә.Қастеев «Аманкелді Батыр» портретімен 1950 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық көркемсурет көрмесіне қатысып ең жоғарғы баға алған.

Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің шығармаларын таныстыру мақсатында, өнерінен нәр алсын деген мақсатта өнер сүйер қауымға арнап Өнер бөлімшесінде «Қылқаламын даза жүрегіне айналдырған» тақырыбында үлкен кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесі үш бөлімнен құрылған. Бірінші: «Заманымыздың ұлы суреткері» бөліміне Әбілхан Қастеевтің өмір жолы, балалық шағы, туған, өскен жері жайлы әдебиеттер қойылды. Бірінші бөлімнің дәйек сөзіне: кәсіби суретші Әбілхан Қастеевтің «Мен сурет салуды таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, апамның киізінен, ешкінің мүйізінен үй-

рендім» деген дана сөзі алынды.

Екінші «Сыршыл қалам сырлары» бөліміне суретшінің еңбектері: «Мектепке бару» (1930), «Тігу үстінде», Автопортрет» (1931), «Сүндітке отырғызу», «Қазақ портреті», «Кенесарының портреті» (1935), «Бие сауу» (1936), «Кізің үйдің ішкі көрінісі» (1939), «Аманкелді сарбаздары», «Жас Абай» (1945), «Аманкелді Имановтың портреті» (1950), «Түркісіб» (1969), т.б. қыл қалам шеберінің еңбектері жарияланған әдебиеттер орналасқан. Дәйек сөзіне әлемге әйгілі американдық суретші Роквелл Кенттің «Қастеев шығармаларын көріп, кең байтақ Қазақстанды аралағандай боламын» - деген сөзі алынды.

Үшінші «Өрнекті өнері – өлмес өмірі» бөліміне суретшінің еңбектері жайлы жазылған ой-пікірлер, шәкірттері жазған естеліктер, басылм беттеріне жарияланған деректі әңгімелер, арнау-әлеңдер қойылды. Үшінші бөлімнің дәйек сөзіне өнертанушы С. Ниязбаеваның «Қастеевтің рухани дүниесі – қазақ өнерінің өмір тіршілігінің тынысы. Оның суреттерінің басты кейіпкерлері – қазақтар» - деген тәрбиелі сөзі алынды.

Еліміздің мәдениеті мен өнері жолында ұрпаққа өнеге болардай із тастап кеткен тұлғаларымызды уақытында жастарға насихаттап отыру мақсатымыз, міндетіміз деп, және санаулы ғұмырларында рухани нәр алсын деген бағытта барша оқырман қауымды «Өнер» бөлімшесіне кітап көрмесімен танысуға шақырамыз!

Әлия ҚАРСАҚБАЙҚЫЗЫ,
№2 ОӘҒК
«Өнер» бөлімінің
қызметкері

Живая память из пламени Афгана

Ушла в историю афганская война, но в памяти людской ей жить ещё долго, потому что её история написана кровью солдат и слезами матерей. Именно им, воинам-афганцам, был посвящён час мужества «Живая память из пламени Афгана», который состоялся в областной универсальной научной библиотеке № 2. Почетными гостями встречи были ветераны Афганской войны Б. Балдинов и С. Коркытбаев.

В начале мероприятия был показан видеосюжет «Хроника войны в Афганистане», в котором в хронологическом порядке были представлены уже ставшие историческими факты о годах афганской войны. Затем слово было предоставлено гостям мероприятия. Марат Батырханович Балдинов известная личность в городе.

Его интересный рассказ-воспоминание затронул всех, а библиотекари постарше не сдержали своих слез. Восемнадцатилетним парнем, одев панаму с красной звездочкой, не ведая в какую политическую кровавую игру его и таких же ребят втянули, он с юношеским максимализмом отправился служить. Вот как он вспоминает: «Просматривая свои афганские фотографии, я большей частью своего сердца, так и остался там, в Афганистане, и до сих пор болит моя душа. Не могу забыть своих друзей, с которыми много раз принимал участие в боях в Афганистане. И все больше жалею лишь о том, что если я погибну, то как будет без меня моя мать». «Помню, как мы лежали в низине реки, на почти полностью открытой местности в тридцати метрах от сгоревшей на наших глазах машины, и как потом собирали то, что осталось от погибших ребят».

Серик Ебраилович Коркытбаев не любит вспоминать афганскую войну. «Мы остались живы. Правда, не всем из нас удалось вернуться домой. Но добрались-таки. И вот мы живём...». Да, он не любит вспоми-



нать войну, потому что подвиг для солдата – это выжить на войне, испытывая голод и жажду, среди грязи и крови. Солдат войны не начинает, но расплачивается самым дорогим, что у него есть – жизнью.

Можно забыть афганскую войну и стараться ее не вспоминать, но она будет с нами всегда, поскольку эта часть нашей истории. Казахстан потерял в той войне 924 воина. Библиотекари обратились к притихшим, затаив дыхание, слушавшим ребятам: «Сегодня мы собрались, чтобы вспомнить тех людей, которых мы называем настоящими мужчинами, с которых нынешние мальчишки могут брать пример. Война – это горе и страдание, война – это смерть. Нам не нужна война! Мы не имеем право, забыть войну в Афганистане... Да будет мир, мы помним своих героев!»

Роза ЖАНГАЛИЕВА,
заместитель директора
ОУНБ №2.

Қос қаламгердің шығармалары насихатталады

Жылдағы дәстүр бойынша 2019 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясына жыл бойына оқылатын қос ақын ағаларымыздың шығармалары, әдебиет майданында кемел ой, көркем сөзімен белгілі жазушы - Әбіш Кекілбайұлының - «Аңыздың ақыры» шығармасы мен көрнекті ақын, драматург - Әбділдә Тәжібаевтың - өлеңдері таңдалды.

«Қазақ деген халықты әлемге танытушылардың бірі, мемле-

кет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Еңбек Ері, академик Әбіш Кекілбайұлы. Әбіш – қыры мол ірі дарын. Ол сыншы, жазушы, публицист, тарихшы, саясаткер, мемлекет және қоғам қайраткері, сонымен қатар орыс, қазақ тілінде көсіле сөйлейтін өзгеше шешен адам. Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке бір-бір азаматтың абыройын асырар қасиеттер ғой. Ал, бір Әбіштің бойында тоқайласуы арқылы оны жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысындағы қазақ топырағындағы ірі тұлғаға айналдырды» - деп ой түйген Марал Ысқақбаев.

Әбділдә Тәжібаев ақын, драматург, әдебиет зерттеуші, ғалым, Филология ғылымының докторы, Қазақстан республикасының халық жазушысы. Әбділдә тудырған шығармалардың жиынын үш ай-

қын салаға бөлуге болады. Оның біріншісі – ұсақ түрдегі сыршыл өлеңдер. Екіншісі – поэмалар. Үшінші саласы – пьесалар болады. Лирикалық қысқа шығармаларынан бұрын Әбділдә жазып жүрген өлеңдерден басқаша шыққан жаңа өрнекті, сырлы, күйлі өлеңі «Сырдариядан» басталады деуге болады. Бұл ақынның өзі туған өлке, өзеніне – Сыр бойына арналған өлең. «Сезіміне күйі сай, тақырыбына тілі сай, қысқа, әсем әндей шыққан анық көркем жыр. Сыршылдық шығармалардың Әбділдә тудырған көркем өрнектері көп деуге болады» - деп Мұхтар Әуезов пікір қалдырған еді.

Акция бойынша іс – шаралар 2019 жылдың қаңтар – қыркүйек айлары аралығында өткізіледі. Кітапханамызда «Бір ел – бір кітап» акциясына байланысты

түрлі – түрлі іс-шаралар басталып кетті. Сондай – ақ кітапхана фойесінде иллюстративті – кітап көрмесі жұмыс істейді, баннерлер орнатылған. Жазушы Әбіш Кекілбаев пен ақын Әбділдә Тәжібаевтың шығармашылықтары бойынша экскурсиялар, әңгімелер, әдеби шоулар жүргізіледі. Жоспар бойынша алдағы уақытта әдеби – кештер, оқырман конференциялары, әдеби қонақжай, әдеби саябақ т.б. іс – шаралар өткізіледі.

Біз қала тұрғындары мен қонақтарын кітапханаға келіп, кітап оқуға және «Бір ел – бір кітап» акция бойынша ұйымдастырылатын іс – шараларға белсенді қатысуға шақырамыз!

С. КӨШКІНБАЙ,
№2 О.Ғ.Ә.К.
бөлім кітапханашысы.

Көшкінбай С. Қос қаламгердің шығармалары насихатталады [Мәтін]/ С. Көшкінбай//
Arqalyk habary. Торғай. – 2019. - 29 наурыз. – Б.4.

Кітапқа жол ашылды, ғажайыптар шашылды

Қаламыздың №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінде есте қаларлық мерекелік іс-шара - «Балалар кітабы апталығы» өтті.

Биылғы кітап мерекесі «Кітапқа жол ашылды, ғажайыптар шашылды – Открой книгу и чудеса начнутся» тақырыбымен 12-15 наурыз аралығында ұйымдастырылды. Кітап апталығының жоспары алдын-ала жасалып, бүкіл қала мектептеріне таратылды. Мерекенің басты мақсаты – балалардың назарын кітап оқуға аудару және қызығушылықтарын ояту. Кітапханаға жарнама жасау. Апталықтың әрбір күні белгілі бір тақырыпқа арналды. Түрлі – түсті етіліп үлкен форматты плакаттар ілінді. Балалар әдебиеті бөлімі орналасқан 1-ші қабаттағы холлда неше түрлі сурет, ертегі кейіпкерлерімен, гүлдермен, шарлармен безендірілді. Сонымен қатар, тақырыпқа сай кітап көрмесі де холлда ұйымдастырылды.

Кітапхана директоры Қазына Байсабековна және мектеп кітапханасының әдіскері Елена Викторовна құттықтап, балалар кітабы апталығын ашты. Кітапханашылар театрландырылған қойылымдар қойды. Қосымша білім беру орталығынан «Қуыршақ театры» үйірмесі «Шалқан», «Әжемнің мерекесі» т.б қойылымдарын көрермен назарына ұсынды. Соңынан көрермен балаларға сұрақтар қойылып, жауап берген оқушыларға тәттілер таратылды.

Апталықтың екінші күні «Кітап – өмір ұстазы» атты танымдық кеш өткіздік. Кешіміздің мақсаты өлкемізге танымал тұлғалардан жас ұрпаққа берер кеңестерін тыңдап, батасын алу болды. Кешке Арқалық қаласының құрметті азаматы, өнертанушы Шәптібай Байділдин қатысып, оқырмандарға кітап оқудың пайдасы жайында кеңестер берумен қатар қазақтың ұлттық өнері ою оюдан шеберлігін көрсетті. Сонымен қатар ұлттық ойынымыз «Асық иіру» арқылы таңдалынған викториналық сұрақтарға оқырмандар қызыға жауап берді.

Апталықтың үшінші күні «Ана тілі-ата-баба мұрасы» атты тәрбие сағаты № 6 мектептің 4 «А» сынып оқушылары жетекшісі Клара Масбайқызының қатысуымен өтті. Мақсаты оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелей отырып, үш тұғырлы тілді дәріптеу. Мағзұм Нұржігіт «Үш бақытым өлеңін нақышына келтіріп орындаса, балалар күмірлеген күймен, мың бұралған би билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Төртінші күні мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен жерлесіміз, жазушы, этнограф, сатирик Сейіт Кенжеахметовтың - 80 жылдығына орай қазақ мәдениеті мен этнографиясын кейінгі жас ұрпақтарға таныту және кеңінен таныстыру мақсатында «Сейіт қазынасы-тәрбиенің алтын кілті» атты тақырыпта жұлдызды ойын болып, іс-шара барысында салт-дәстүрлерден көрініс және слайдтар көрсетілді.

15 наурыз күні балалар кітабы апталығының жабылуында мектеп кітапханашылары қазақтың ұлттық киімін киіп, көріністер көрсетті. Іс-шара соңында, «Үздік оқырман» және кітап апталығына белсене атсалысқан оқушыларды марапаттады.

Біздің кітап апталығын өткізудегі басты мақсатымыз оқырмандардың тарихымызға, әдебиетімізге, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру, кітапхана қорына түскен жаңа әдеби кітаптарды жарнамау, өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен шығармашылық қабілетін дамыту болса, балалар үшін қызық пен қуанышқа толы болған бұл күндерде бізбен бірлесе отырып, апталықтың әр күніне атсалысқан мектеп кітапханашыларына және ұстаздарға алғысымыз шексіз.

Балалар кітап апталығынан кейін оқырмандардың саны арта түсті. 65 оқушы оқырман болып жазылды. Себебі, жаңадан келіп түскен кітаптарға және баспасөз басылымдарға да шолу жасалды. Жаңа кейіпкерлермен танысып, қуанышқа бөленді.

Сандуғаш ЕСМАҒАМБЕТОВА,
№ 2 ОӘҒК
Балалар әдебиеті бөлімінің
меңгерушісі

ТУҒАН ЕЛДІҢ БЕРЕКЕСІ – НАУРЫЗ!

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жергілікті билеу органдарының бірінші вице-президенті, ұлттық және мемлекеттік қайраткері, «Туған елдің берекесі – Наурыз» акциясының жетекшісі Ә. Қарсақбайқызы.

Наурыз – табиғат тарихы: табиғат дүниесінің қайта өрлеуі, жергілікті билеу органдарының бірінші вице-президенті, ұлттық және мемлекеттік қайраткері, «Туған елдің берекесі – Наурыз» акциясының жетекшісі Ә. Қарсақбайқызы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жергілікті билеу органдарының бірінші вице-президенті, ұлттық және мемлекеттік қайраткері, «Туған елдің берекесі – Наурыз» акциясының жетекшісі Ә. Қарсақбайқызы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жергілікті билеу органдарының бірінші вице-президенті, ұлттық және мемлекеттік қайраткері, «Туған елдің берекесі – Наурыз» акциясының жетекшісі Ә. Қарсақбайқызы.

Әлия ҚАРСАҚБАЙҚЫЗЫ,
Бірінші вице-президенті

Наурыз – табиғат тарихы: табиғат дүниесінің қайта өрлеуі, жергілікті билеу органдарының бірінші вице-президенті, ұлттық және мемлекеттік қайраткері, «Туған елдің берекесі – Наурыз» акциясының жетекшісі Ә. Қарсақбайқызы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жергілікті билеу органдарының бірінші вице-президенті, ұлттық және мемлекеттік қайраткері, «Туған елдің берекесі – Наурыз» акциясының жетекшісі Ә. Қарсақбайқызы.



Әлия Қарсақбайқызы. Туған елдің берекесі-Наурыз! [Мәтін]/Ә. Қарсақбайқызы// Үш қоңыр. – 2019. – 12 сәуір. – Б.4.

Тау тұлғалы – Таңатқан палуан



Қазақстанның абсолюттік чемпионы, атақты палуан, жерлесіміз - Таңатқан ДҮЙСЕКЕЕВТІҢ туғанына - 120 жыл толуына орай естелік кеш өтті.

Таңатқан ДҮЙСЕКЕЕВ атамыз 1899 жылы бұрынғы Торғай оязы, Шұбалаң болысы, Жаркөл ауылында дүниеге келген. Табиғатынан берілген тауды қопарардай қайраты бабамызды елге кеңінен танымал етті. Даңқты жерлесіміз жайлы «Рухы биік тұлға» аталған шараны ұйымдастырған қаламыздағы №2 Облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы, «Өнер» бөлімінің меңгерушісі Әлия Қарсақбайқызы жиылғандарға кеңінен мәлімет берді. - «Бала палуан» атанып жүрген ол 1911 жылы әжесіне еріп Қоянды жәрмеңкесіне барғанда «Балуан шолақты» көріп, батасын алыпты. 1923 жылы ұрпақтары Сатыбалды мшан мазарын тұрғызып, атасына ас бергенде атақты Мейрамхан палуанмен белдесіп, алғашқы ресми сыйлығын алады. 1927 жылы Құлжан би балалары өткізген тойда Оралдан Ақанбай палуан арнайы іздеп келіп белдескен. 1928 - 1929 жылдардағы жаппай тәртілеу кезінде ағайындарымен көршілес Аманкелді ауданына қоныс аударып, Бүйректал, Мойылдыдан тұз тасып, астыққа айырбастап, әулетінің аман қалуына септігін тигізеді. 1930 жылы жазықсыз жаламен Ақтөбе қаласында түрмеге қамалып, артынша Сібірге айдалады. Жолда пойыз жүрісін баулатқанда терезесінен секіріп, туған еліне аман - сау оралады,

- деп палуанның сан қилы өмір жолын баян етті.

Таңатқан ДҮЙСЕКЕЕВ атамыздың ерлікке бергісіз өмірі ұрпаққа өнеге. Ол кісі жасының келгеніне қарамай, боз кілемге шығып, «мен мықты» дегендердің талайының мысын басқан. Атап айтсақ, 1944 жылы Амангелді Имановтың қайтыс болғанына 25 жыл толуына орай өткен жиында атақты Төкен палуанды жығып, бас бәйгені иеленеді. 1946 жылы қазақша күрестен Алматыда өткен жарыста Республика чемпионы атанады. Одан кейінгі жылдары «Батпаққара жолбарысы» атанған Сәлман, Әлмағанбет, Сары палуандармен белдескен. 1950 жылы 51 жастағы егде тартқан шағында қазақша күрестен Қостанайдағы іріктеу жарыстарында бәрін жеңіп, Алматыдағы ақтық бәсекелерде 28 палуанды тізе бүктіріп, Қазақстан мен Орта Азия чемпионының алтын таяғын қиған.

1941 - 1945 ж. ж. екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және одан кейінгі жылдарда «Жаңа тұрмыс», Калинин атындағы ұжымшарларда ферма меңгерушісі болады. Ол кісінің қоғамдық жұмыстардың да бел ортасынан тәбылтып белсеңді болғаны тарихтан белгілі. Таңатқан ДҮЙСЕКЕЕВ атамыз кезінде ауыл жастарын ұйымдастырып, «Бестамақ» көпірін салған. Өзі домбыра да тартқан. Осындай «жеті құрлы, бір сырлы» атамыздың өмір жолы жайында студенттерге кеш қонақтары: өлкетанушы, Оркен Алматылы, інісі Сапар Шәріпұлы, ақын Молдатай Жапарұлы кеңінен әңгімеледі.

Дархан ЕРМАҒАНБЕТОВ

өнер саласына еңбегі сіңген аға буын өкілдеріне айтар алғысым шексіз. Бүгін Тәуелсіз Қазақстан – Мәңгілік елдің келешегін кемел, болашағын жарқан етегін ұлттық бірегейлігімізді танытуға үлес қосатын жақсы күн болсын дегім келеді. Сіздердей зиялы қауым өнер адамдарын құрметтей отырып біз жастарды тәрбиелейміз. Мәдениет білігіне шығармашылық тұрғыдан

мамандарының ерекшелік жолдары бағалап, төл мерекелерімен құттықтап, сый – сияпаттарын табыстап жатты.

Осылайша елге рухани азық сыйлап, төл мерекелерінде мерейлері үстем болған Мәдениет және өнер саласының өкілдері әрі қарай қала көркемөнерпаздарының өздеріне арнап дайындаған концерттік бағдарламаларын тамашалады.

«АХ».

Өлкенің дарабоз дарыны

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен 23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне арналған қазақтың көрнекті жазушысы, белгілі қоғам қайраткері Қоғабай Сәрсекеевтің туғанына 80 жыл толуына орай «Өлкенің дарабоз дарыны» атты кеш – портрет өтті.

Жиын барысында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтер баяндалды.

Іс – шарамызға арнайы шақырылған құрметті қонақтары болып ардагер, қаламыздың құрметті азаматы Орекен Алматов, еңбек ардагері Рақымжан Бектұрғанов, оюшы, өлкетанушы, Арқалық қаласының құрметті азаматы Шөггітай Байділдин, АрқМПИ филология

факультетінің оқытушысы Ардақ Абдуллина, ақын ағамыздың інісі Қуанышбек Шойбасов және жерлесі, замандасы Қапеш Алиев аға қатысып, Қоғабай ағамыз жайлы өз – ойларын ортаға салып, көптеген мәнді, мағыналы мәліметтер мен ақын ағамызбен бірге өткізген естеліктерге толы әңгімелерін паш етіп, кітапхана ұжымына алғыстарын жаудырды.

Сонымен қатар қаламыздағы көпсалалы колледжінің III – курс студенті Ерасыл Өмірзақов Әбжан Әбілтай ағамыздың «Мен оны өлмейтіндей көруші едім» атты арнауын оқып, жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің «Қызыл жалау» шығармасына зертеу жұмысына талдау жасады. Сондай – ақ «Өлкенің дарабоз дарыны» атты кітап көрме ұйымдастырылып шолу жасалынды.

Іс – шара соңында кітапханамыздың абонемент бөлімінің меңгерушісі Назира Нұрсұлтанқызы қорытындылады. Кеш – портретке қатысушылар өздеріне рухани байлық алып, жазушы Қоғабай Сәрсекеев жайлы көптеген деректермен таныс болды.

Сымбат МҰРАТҚЫЗЫ,
оңб2 ОҒӘК
қызметкері.

Болашақ ел тірегі - жастар

18 мамыр – халықаралық Мұражай күні және «Жастар» жылына байланысты мектептің әр жылдағы түлектері, жас мамандар және мектеп оқушылары арасында спорттық іс-шара болып өтті.



Міне, 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойылды. Әрине, бұған дейін де жастарымыз елеп ескерілусіз қалмаған болатын. Осы орайда қаламызда «Жастар» жылына арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Сондай іс-шараның бірі бүгінгі күні біздің мектепте жалғасты. «Болашақ ел тірегі - Жастар» тақырыбындағы іс-шараны өткізудегі мақсатымыз мектеп бітірген түлектердің, жас мамандар мен мектеп оқушыларының арасындағы байланысты нығайта отырып, туған жерге, алтын ұя мектептеріне, ұстаздарына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, қолдау көрсету. Алғашқы құттықтау сөзді жастарды қолдап, көмек көрсетіп жүретін білімді де білікті мектеп басшысы Құлназия Мұқашева «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», ардагер спортшы, ұлағатты ұстаз Қанат Кенжебеков және 2011 жылғы түлек Серік Абылайхан құттықтау тілектер айтты. Спорттық іс-шараға қазіргі кезде әр облыста, әртүрлі салада еңбек етіп жүрген белгілі бір маман иелері 2004 – 2009 жылғы мектеп бітірген түлектерден құрылған

құрама команда, 2011 жылғы, 2016 жылғы түлектер, 2018-2019 жылғы мектеп оқушылары және жас маман ұстаздар командалары қатысты. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ә. Сарин жарыс тәртібімен таныстырды. Түлектер мектеп мұражайына бір сәт саяхат жасады. Флешмоб ұйымдастырылды. Жарыс қорытындысы бойынша: 1 орынды 2016 жылғы түлектер, 2 орынды 2004-2009 жылғы түлектер, 3 орынды мектебіміздің жас мамандары өзара бөлісті. Барлық командалар кубоктар мен арнайы дипломмен марапатталды. Ал, мектептің 9 сынып оқушылары белсене қатысқаны үшін мадақтама алды. «Үздік ойыншы» номинациясына: Б. Хасенов, Е. Бөлтіріков, Р. Нұрмұханов, В. Тиыштықбай, А. Төлеген, «Үздік шабуылшы» Е. Бөрі, А. Едресұлы, «Үздік қорғаушы» А. Төребек, М. Камитов сол сияқты Н.Бөлтірік, Е. Балғабәев, А. Жаңарбай, «Үздік доп үйлестіруші» номинациялары-

на ие болып, дипломмен патталды.

Шараға қатысушы командалар мектеп әдістемесіне, ұстаздарына шексіз шылықтарын білдірді. Мектептің түлектері болашақта осы раның дәстүрге айналуды жоспарлады. Осындай жастардың жолдары мен жасампаздарларын кейінгі жас жеткіндіктері лайықты жалғастырады дегеніміз.

Біздер мектептің ұстаздары атынан жастарға: «Ел Тәуелсіздіктің киелі көк XXІ ғасырда асқақтата жететін жастары болып қалды. Біз сіздерден болашақта дерліктер, жарқын жеңісті темір! Жеңістерің менің ұласа берсін! Еліміздің мәңгіліктей берсін! Жастарыңның сыйы!»,- демекпіз.

Сәуле КЕНЖЕБЕКОВ,
Ш.Уалиханов атындағы орта мектептің
Мұражай жетекшісі

Сымбат Мұратқызы. Өлкенің дарабоз дарыны [Мәтін]/ С. Мұратқызы// Arqalyk habary. Торғай. – 2019. – 24 мамыр. – Б.3.

Библиотека - в эпоху модернизации сознания

В информационно-библиотечном комплексе Аркалыцкого государственного педагогического института им.И.Алтынсарина состоялся региональный форум «Библиотека в эпоху модернизации сознания».

Цель Форума – объединение библиотекарей Аркалыцкого региона для обмена опытом, выработки новых идей и стратегий развития современных библиотек и продвижения чтения, совершенствования новых технологий в библиотечной практике, повышения профессионального уровня, укрепление позитивного имиджа библиотечной профессии, закрепление молодых специалистов в библиотеках.

С приветственным словом выступила директор Департамента по академическим вопросам Алмагуль Антаева и директор ИБК Сарсенкуль Махина. В своем выступлении директор информационно-библиотечного комплекса рассказала о роли институционального репозитория в библиотечном обслуживании. «Сейчас время глобальных проблем, и чтобы отвечать вызовам нашего времени, необходимо, чтобы в библиотеках также проходила трансформация. То есть библиотека не должна оставаться только архивом печати, книгохранилищем, она должна стать многофункциональным, многоуровневым, социально-культурным институтом общества», отметила директор информационно-библиотечного комплекса.

В ходе форума были заслушаны стендовые доклады ведущей организационно-методическим отделом Жанар Смагуловой на тему «Деятельность библиотеки вуза: формы активизации массовой работы»; заместителя директора Областной универсальной научной библиотеки №2 Розы Жангалиевой с докладом «Библиотека и молодежь: движение навстречу»; ведущей

отделом формирования фонда библиотеки Майи Дубэкир с докладом «ИРБИС 64, электронды каталог – ақпарат іздестірудегі басты құрал»; сотрудницы ИБК Гульжазире Алибековой с докладом «Рухани жаңғыру және кітапхана».

Программа форума была насыщена интереснейшими выступлениями и в рамках работы круглого стола «Современная библиотека в образовательной информационной среде: опыт, проблемы и решения».

